

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 тамыздағы N 781 және 2006 жылғы 4 желтоқсандағы N 1167 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 17 тамыздағы N 703 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігін Алматы қаласынан Астана қаласына көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 тамыздағы N 781 қаулысында :

1-тармақтың үшінші абзацындағы "36" деген цифрлар "73" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 желтоқсанындағы N 1167 қаулысында :

2-тармақтың 1) тармақшасында:
бірінші абзацта:

"56" деген цифрлар "93" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"641424000 (алты жүз қырық бір миллион төрт жүз жиырма төрт мың)" деген сөздер "1193876000 (бір миллиард бір жүз тоқсан үш миллион сегіз жүз жетпіс алты мың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "412344000 (төрт жүз он екі миллион үш жүз қырық төрт мың) деген сөздер "964796000 (тоғыз жүз алпыс төрт миллион жеті жүз тоқсан алты мың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі